

Аудандық бюджет қаражаты есебінен кемінде жиырма бес пайызға жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды алуға құқығы бар, ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесін анықтау туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 10 желтоқсандағы № 236 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 6 қаңтарда № 4396 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 97 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімдігінің 11.04.2014 № 97 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 238-бабының 3-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына сәйкес Жангелдин ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Аудандық бюджет қаражаты есебінен кемінде жиырма бес пайызға жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды алуға құқығы бар, ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес анықталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Кенжегарин

КЕЛІСІЛДІ:

*Жангелдин аудандық
мәслихатының хатшысы*

_____ *С. Нургазин*

Ә к і м д і к т і ң

2013

жылғы

10

желтоқсандағы

№ 236 қаулысына қосымша

Аудандық бюджет қаражаты есебінен кемінде жиырма бес пайызға жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды алуға құқығы бар,

**ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік
қамсыздандыру, білім беру, мәдениет мамандары
лауазымдарының тізбесі**

1. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:
 - 1) күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкер.
2. Білім беру мамандарының лауазымдары:
 - 1) мектеп директоры;
 - 2) директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары;
 - 3) интернат меңгерушісі;
 - 4) директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары;
 - 5) барлық мамандықтағы мұғалімдер;
 - 6) әлеуметтік педагог;
 - 7) педагог-психолог;
 - 8) қосымша білім беру педагогы;
 - 9) педагог-ұйымдастырушы;
 - 10) тәрбиеші;
 - 11) музыкалық жетекші;
 - 12) жетекші;
 - 13) дене тәрбиесі жөніндегі нұсқаушы;
 - 14) әдістемеші;
 - 15) медициналық бике;
 - 16) кітапхана меңгерушісі;
 - 17) кітапханашы;
 - 18) логопед;
 - 19) алғашқы әскери даярлық жөніндегі оқытушы-ұйымдастырушы;
 - 20) хореограф;
 - 21) өндірістік оқыту шебері.
3. Мәдениет мамандарының лауазымдары:
 - 1) директор;
 - 2) мәдени ұйымдастырушы;
 - 3) суретші;
 - 4) кітапханашы;
 - 5) әртіс;
 - 6) режиссер;
 - 7) әдістемеші;
 - 8) библиограф;

9) көркемдік жетекші;
10) хореограф;

11) механик.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК